

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалануға жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қарашадағы N 1133 Қаулысы

Ұлттық және халықаралық маңызы бар Батыс Тянь-Шаньнің бірегей табиғи объектілері ретінде Оңтүстік Қазақстан облысының флорасы мен фаунасының бағалы түрлерін сақтау мақсатында және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас және Төле би аудандарының жер қоры санатынан жалпы алаңы 46882,3 гектар жер учаскесі алып қойылсын және олар тұрақты жер пайдалануға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) берілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелері жер қорынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері санатына ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті жерде мекеме жерінің шекарасын белгілесін.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі күзет аймағының шегінде бұл аумақтардың экологиялық жүйесінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым сала отырып, мекеме жерінің төңірегінде күзет аймағын белгілесін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 17 қарашадағы*

N 1133 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің
"Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік**

**мекемесіне тұрақты жер пайдалануға берілетін
жерлердің экспликациясы**

P / с N	Жердің санаты және ауыл шаруашылығы жері	Алаңы, га
1	Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданы Жер қоры, жайылымдар	1000,0
2	Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданы Жер қоры (Майдантал учаскесі), жайылымдар	45 882,3
	Барлығы	46 882,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК